

2025 жылғы 30 қазан

**«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
2025 жылғы тоғыз айдағы өндірістік нәтижелері**

Астана, 2025 жылғы 30 қазан – «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы, 2025 жылғы тоғыз айғы өндірістік нәтижелерін жариялайды.

2024 жылғы тоғыз айымен салыстырғанда 2025 жылғы тоғыз айдағы негізгі өндірістік көрсеткіштер:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру 10,0% артып, 19 843 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау 1,1% төмендеп, 62 503 мың тонна болды;
- Қазақстандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 11,7% ұлғайып, 15 770 мың тоннаға жетті.

	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	%
Өндіру:			
Мұнай және газ конденсаты, мың тонна	19 843	18 047	+10,0%
Газ, млн м³	8 652	7 202	+20,1%
Тасымалдау, мың тонна	62 503	63 197	-1,1%
Өңдеу, мың тонна	15 770	14 122	+11,7%

Өндірістік көрсеткіштер, егер басқаша көрсетілмесе, бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-ның иелік ету үлесіне және толық шоғырландырылатын еншілес ұйымдардың 100% көрсеткіштеріне сәйкес берілген. Есеп көрсеткіштері мен нәтижелері дөңгелектеп көрсетілген. Сонымен қатар кезеңдерді салыстыру кезінде мәндер жуықталмай нақты қолданылды. Компанияның пікірінше, дөңгелектеуге қатысты кез келген ықтимал түзетулер операциялық нәтижелерге материалдық тұрғыдан әсер етпеуі керек.

Көмірсутек шикізатын өндіру

2025 жылғы тоғыз айда ҚМ-ның мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 19 843 мың тоннаны (тәулігіне 553 мың баррель) құрады, бұл 2024 жылғы тоғыз айдағы деңгеймен салыстарғанда 10,0% жоғары. Ілеспе және табиғи газ өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 20,1%, яғни 8 652 млн м³ дейін ұлғайды.

Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	%
«Өзенмұнайгаз» АҚ	3 811	3 809	+0,03%
«Ембімұнайгаз» АҚ	2 111	2 077	+1,6%
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	2 300	2 302	-0,1%
Басқа операциялық активтер	2 447	2 460	-0,5%
Операциялық активтердің барлығы	10 667	10 647	+0,2%
Теңіз	6 093	4 296	+41,8%
Қашаған	2 259	2 306	-2,0%
Қарашығанақ	823	798	+3,2%
Мегажобалар бойынша барлығы	9 176	7 400	+24,0%
Жиыны	19 843	18 047	+10,0%

Операциялық активтердегі өндіру

2025 жылғы тоғыз айда Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз бен Маңғыстаумұнайгазда мұнай өндіру деңгейі өткен кезеңнің нәтижелерімен бірдей. Бұл ретте есепті кезеңнің қорытындысы бойынша Ембімұнайгазда газ өндіру көлемі 10,5% өскені байқалады. Бұл көрсеткіштің өсуіне газ факторы жоғары ұңғымалардың пайдалануға берілуі себеп болды.

Мегажобалардағы өндіру

Теңіз кен орнында мұнай және газ конденсатын өндіру 41,8% артып, 6 093 мың тоннаны (тәулігіне 179 мың баррель) құрады. Ілеспе газ өндіру 49,5% өсіп, 3 499 млн м³ жетті. Өсім деңгейіне Болашақ кеңейту жобасы аясында үшінші буын зауытында өндірістің басталуы ықпал етті (2025 жылғы қаңтар).

Қашағанда мұнай және газ конденсатын өндіру 2 259 мың тоннаны (тәулігіне 66 мың баррель) құрап, өндірілген мұнай құрамында газ факторының жоғары болуына байланысты 2,0% төмендеді. Газ өндіру көлемі 1 479 млн м³ құрады, бұл көрсеткіш өткен кезеңдегі нәтижелермен бірдей.

Қарашығанақ кен орнында мұнай және газ конденсатын өндіру 3,2% артып, 823 мың тоннаны (тәулігіне 24 мың баррель) құрады. Өсім Қарашығанақтың өндірістік қондырғыларында шикі газды қабатқа кері айдау көлемінің ұлғаюымен байланысты. Газ өндіру көлемі 10,8% ұлғайып, 1 888 млн м³ құрады.

Көмірсутек шикізатын тасымалдау

Мұнайды магистраль және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 1,1% азайып, 62 503 мың тонна болды.

Мұнай тасымалдау ¹ , мың тонна	2025 ж. 9А (100%)	2025 ж.9А (ҚМГ үлесіне)	2024 ж.9А (ҚМГ үлесіне)	%
«ҚазТрансОйл» АҚ	33 223	33 223	33 653	-1,3%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС	14 484	7 242	6 916	+4,7%
«МұнайТас» СБТК» ЖШС	4 436	2 263	2 160	+4,8%
Каспий құбыр консорциумы (КҚК)	55 504	11 517	10 059	+14,5%
Құбыр арқылы тасымалдау көлемінің жиыны	-	54 246	52 788	+2,8%
Каспий теңізі	1 403	1 403	1 633	-14,1%
Ашық теңіздер ²	6 854	6 854	8 776	-21,9%
Теңіз арқылы тасымалдау көлемінің жиыны	-	8 257	10 409	-20,7%
Барлығы	-	62 503	63 197	-1,1%

¹ Мұнай көлемдерінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниялары тасымалдауы мүмкін және тиісінше осы көлемдер мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық ескеріледі.

² Ашық теңіздерге Қара және Жерорта теңіздері жатады

Мұнайды магистралды құбырлар арқылы тасымалдау көлемі 2,8% ұлғайып, 54 246 мың тоннаға жетті. Негізгі өсім Теңіз кен орнында Болашақ кеңейту жобасын іске асыру есебінен КҚК жүйесі арқылы Теңіз мұнайын тасымалдау көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ мұнай өңдеу зауыттарына бағыттау үшін ішкі нарыққа жеткізу көлемінің ұлғаюына байланысты болды.

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдау көлемі 20,7% азайып, 8 257 мың тоннаны құрады. Бұған Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбырындағы технологиялық шектеулерге байланысты Ақтау-Баку бағыты бойынша мұнай жеткізудің уақытша тоқтатылуы, сондай-ақ инертті газ жүйесін орнату мақсатында жоспарлы жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін «Тараз» және «Лива» танкерлерінің пайдаланудан шығарылуы себеп болды.

Ашық теңіздерде тасымалдау көлемінің азаюы 2025 жылғы наурыз айынан бастап Каспий құбыр консорциумы тарапынан Афрамекс үлгісіндегі танкерлерге партиялар санын бөлу жоспарын қайта қарауымен байланысты болды.

Жүк айналымы

Жүк айналымы, млн тонна*км	2025 ж. 9А (100%)	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	%
«ҚазТрансОйл» АҚ	26 495	26 495	26 197	+1,1%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС	12 941	6 470	6 219	+4,0%
«МұнайТас» СБТК» ЖШС	1 874	956	884	+8,0%
Каспий құбыр консорциумы	75 364	15 638	13 119	+19,2%
Барлығы	-	49 559	46 419	+6,8%

Мұнайдың жүк айналымы 6,8% өсіп, 49 559 мың тоннаны құрады. Бұл көрсеткіштің өсуіне КҚК жүйесі бойынша экспорт көлемінің, сондай-ақ мұнай өңдеу зауыттары үшін мұнайды ішкі тасымалдау көлемінің ұлғаюы ықпал етті.

Көмірсутек шикізатын сату

ҚМГ өзі өндірген мұнай және газ конденсатын өткізу көлемі 8,6% артып, 19 922 мың тоннаны құрады, оның 66,6% экспортқа жөнелтілді. Бұл көрсеткіштің өсуі Теңіз кен орнындағы Болашақ кеңейту жобасын іске асыру есебінен өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты болды.

Ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне сұранысын қамтамасыз ету үшін Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарына ҚМГ өндірген мұнай және газ конденсатын жеткізу көлемі 6 661 мың тоннаны құрады.

Көмірсутек шикізатын өңдеу

Көмірсутек шикізатын өңдеу, мың тонна ¹	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	%
АМӨЗ	4 417	4 422	-0,1%
ПМХЗ	4 169	3 973	+4,9%
ПҚОП	2 319	2 067	+12,2%
Caspi Bitum	253	297	-14,6%
Қазақстандық МӨЗ жиыны	11 159	10 758	+3,7%
Петромидия	4 330	3 162	+37,0%
Вера	281	203	+38,8%
KMG International МӨЗ жиыны	4 611	3 364	+37,1%
Барлығы	15 770	14 122	+11,7%

¹ ПҚОП және Caspi Bitum өңдеу көлемі 50% үлесі, қалған зауыттарда – 100% көрсетілген.

КСШ өңдеудің жалпы көлемі 2024 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 11,7% өсіп, 15 770 мың тоннаны құрады:

- Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында өңдеу көлемі 3,7%, яғни 11 159 мың тоннаға дейін өсті. Өсім негізінен 2025 жылы ПҚОП-тың үздіксіз жұмыс істеуіне байланысты, бұл зауытта былтыр осындай кезде жоспарлы жөндеу іс-шаралары жүргізілген болатын.

- Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында өңдеу көлемі 37,1% ұлғайып, 4 611 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштің едәуір өсуіне жоспарлы күрделі жөндеу жүргізілген және жеңіл гидрокрекинг қондырғысының іске кеш қосылуы тіркелген 2024 жылғы 9 айымен салыстырғанда, есепті кезеңде «Петромидия» мұнай өңдеу зауытының тұрақты операциялық қызметі ықпал етті.

Мұнай өнімдерін өндіру

Мұнай өнімдерін өндіру, мың тонна		2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	%
Қазақстандық МӨЗ	Бензин	3 441	3 157	+9,0%
	Дизель	3 918	3 369	+16,3%
	Өзгелері	2 920	3 218	-9,3%
	Жиыны	10 278	9 744	+5,5%
KMG International МӨЗ	Бензин	1 219	827	+47,4%
	Дизель	1 852	1 439	+28,7%
	Өзгелері	1 458	1 037	+40,7%
	Жиыны	4 530	3 303	+37,1%
Жиыны	Бензин	4 660	3 984	+17,0%
	Дизель	5 770	4 808	+20,0%
	Өзгелері	4 378	4 255	+2,9%
	Жиыны	14 808	13 047	+13,5%

Қазақстан және румын зауыттарында мұнай өнімдерін шығару көлемі 13,5% ұлғайып, 14 808 мың тоннаны құрады:

- Қазақстандық МӨЗ мұнай өнімдерін шығару көлемін 5,5%, яғни 10 278 мың тоннаға дейін ұлғайтты. Жеңіл мұнай өнімдерін шығарудың артуы жалғасуда: бензин мен дизель отынын шығару көлемі тиісінше 9,0% және 16,3%-ға өсті. Бұл өсімге өндірістік процестерді оңтайландыру және басқа да мұнай өнімдерін (мазут, вакуумдық газойл және т.б.) шығаруды 9,3% төмендету есебінен қол жеткізілді.
- KMG International (Петромидия, Вега) зауыттары мұнай өнімдерін 37,1% артық өндіріп, 4 530 мың тоннаны құрады. Бұған зауыттарда өңдеу көлемінің қалпына келуі ықпал етті.

ҚМГ-ның өз мұнай өнімдерін өткізуі, мың тонна

	2025 ж. 9А			2024 ж. 9А			%		
	ішкі нарық	эксп .	барлығы	ішкі нарық	эксп .	барлығы	ішкі нарық	эксп.	барлығы
Бензин	1 395	9	1 404	1 178	-	1 178	+18,4%	-	+19,2%
Дизель ¹	1 750	-	1 750	1 297	-	1 297	+34,9%	-	+34,9%
Өзгелері	960	402	1 362	994	505	1 499	-3,4%	-20,4%	-9,1%
Жиыны	4 105	411	4 515	3 469	505	3 973	+18,3%	-18,7%	+13,6%

¹2025 жылдың сәуір-қыркүйек айларында ҚМГ 178 мың тонна импортталған дизель отынын өткізді.

Қазақстанда өндірілген ҚМГ-ның өз мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізу көлемі 13,6% ұлғайып, 4 515 мың тоннаны құрады. Өсім жеңіл мұнай өнімдерін шығару және оларды ішкі нарықта өткізу көлемінің ұлғаюымен қамтамасыз етілді: бензин мен дизель отынын сату тиісінше 18,4% және 34,9% өсті.

Полипропилен: өндіру және өткізу

Полипропиленді өндіру және сату, мың тонна	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіне)	%
Өндіру	135,0	80,1	+68,4%
Өткізу:			
Ішкі нарық	13,7	7,4	+84,8%
Экспорт	114,9	75,7	+51,7%
Өткізілген көлемнің барлығы	128,6	83,1	+54,7%

КРІ зауытында полипропилен өндіру көлемі 68,4% артып, 135,0 мың тоннаға жетті. Көлемнің ұлғаюы өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда зауыттың тұрақты жұмысымен байланысты.

Полипропиленді сатудың жалпы көлемі 2024 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 54,7% өсіп, 128,6 мың тоннаны құрады:

- Полипропиленді ішкі нарыққа өткізу көлемі 84,8% ұлғайып, 13,7 мың тоннаны құрады.
- Полипропиленді экспортқа өткізу көлемі 51,7% артып, 114,9 мың тоннаны құрады. Жеткізу көлемлері негізінен Еуропа елдері мен Түркия бағытына қарай ұлғайды.

Толық ақпаратты мына сілтеме бойынша оқи аласыз: <http://www.kmg.kz/>

Байланыс:

ir@kmg.kz

тел: +7 7172 78 64 34

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы:

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы негізі қаланған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін қорғайды.

ҚМГ-ның негізгі активтері:

Барлау және өндіру: «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) – 100%, «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) – 100%, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ) – 100%, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС (УО) – 100%, Доңға¹ – 60%, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) – 50%, «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ) – 50%, PetroKazakhstan Inc. (ПКИ) – 33%, «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) – 50%, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА) – 50%, «Орал Ойл энд Газ» ЖШС (ООГ) – 50%, «Теңізшевройл» ЖШС (Теңіз) – 20%, Қарашығанақ² – 10%, Қашаған³ – 16,88%.

Тасымалдау: «ҚазТрансОйл» АҚ – 90%, «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ – 100%, «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (ҚҚҚ) – 50%, «МұнайТас» СБТК» ЖШС – 51%, Каспий құбыр Консорциумы⁴ (КҚК) – 20,75%, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС (ҚТКФ) – 100%.

Өңдеу және өзгелері: «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) – 100%, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) – 99,53%, KMG International N. V. – 100%, Петромидия – 54,62%, Bera – 54,62%, «KMG PetroChem» ЖШС-100%, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (ПҚОП) – 49,72%, «CASPI BITUM» БК» ЖШС – 50%, «КС Energy Group» ЖШС – 49%, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (КПИ) – 49,5%, «Силлено» ЖШС – 40%.

Басқалары: «KMG Drilling&Services» ЖШС – 100%, «Oil Services Company» ЖШС – 100%, «Oil Construction Company» ЖШС – 100%, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС – 100%, «KMG Systems&Services» ЖШС – 100%, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС (ҚазГӨЗ) – 100%, «ҚазРосГаз» ЖШС (ҚРГ) – 50%, Mangistau Power B. V. – 49%.

¹ Dunga Operating GmbH – бұл шоғырландырылған еншілес ұйым, ол Доңға жобасында 60% үлесіне иелік етеді.

² «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС – бұл 100% шоғырландырылған еншілес ұйым, ол Қарашығанақ жобасында 10% үлесіне иелік етеді.

³ «ҚМГ Қашаған Б.В.» – бұл шоғырландырылған еншілес ұйым, ол Қашаған жобасында 16,88% үлесіне иелік етеді.

⁴ ҚМГ тікелей 19% үлесіне, Қазақстан Пайплайн Венчурс компаниясы арқылы 1,75% үлесіне иелік етеді.